

*Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық  
Қатынастар және Әлем тілдері Университеті*

# ІС-ӘРЕКЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Жасаған: Жатыкбаева М. Ж.  
124 топ студенті

# Жоспар:

- Кіріспе
- Адамның іс-әрекетінің анықтамасы
- Іс-әрекет ұғымының қалыптасуы
- Адам іс-әрекетінің ерекшеліктері
- Іс-әрекеттің психологиялық құрылымы
- Іс-әрекет түрлеріне сипаттама
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер

# Кіріспе


Іс-әрекет ұғымы психология саласындағы басты түсініктердің бірі. Іс-әрекетті психикадан, оның ғылыми зерттеу методологиясынан психиканың пайда болуы мен эволюциясынан, тұлға ұғымының түсіндірілуі мен оның психологиялық сипатының құрылым бөліктерінен ажырата қарастыру мүмкін емес. Алайда, іс-әрекет ерекше психологиялық шындық ретінде әлдеқайда тереңірек сипаттауды қажет ететін ұғым.

# Іс-әрекет түсінігі

- Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысуына байланысты болады. Адам өмір сүру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі бала өз психологиясын ойын арқылы білдірсе, ересек адам өзіне тән ерекшеліктерін еңбек процесінің сан алуан салаларында көрсетеді.
- *Әрекет* дегеніміз – түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс.
- Әл-Фараби: *Әрекет дұрыс болу үшін, біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз, - деген болатын.*

- ◎ Әрекет ұғымын өз тұрғысынан қарастыруға барлық белгілі психологтар, көптеген әйгілі философтар мен ХХ ғасыр методологтері кірісті. Іс-әрекет категориясы бірқатар теоретикалық пікірталастардың пәніне айналып, “түсіндіру принципі” ретінде танылды. Ол психиканы, мінез-құлықты, тұлғаны зерттеу “бірліктерінің” бірі болып қалыптасты. Іс-әрекет аясындағы жетекші психологтердің методологиялық көз қарастарының көптүрлігіне қарамастан, бүгінгі күнгі іс-әрекет жайлы психологиялық анықтаманы аяқталған, мінсіз деп қабылдауға болмайды.





- Іс-әрекеттің әлдеқайда аяқты психологиялық тұжырымын толықтыра және түрлендіре отырып, 1940 жылдың ортасында А. Н. Леонтьев жасаған. Оның айтуы бойынша, іс-әрекет – белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, мотивтерге бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік қатынасын іске асыратын белсенді процестер.
- А. Н. Леонтьев адамның кез-келген белсенділігін іс-әрекет деп атаған жоқ, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат, міндеттермен психологиялық байланыстағы, мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана іс-әрекет деді.

# Адам іс-әрекетінің ерекшеліктері

Адам іс-әрекет тұтынушылық сипаты үшін ғана емес, жемісін беретін шығармашылықта көрініп, жалғасады.

Адам іс-әрекеті өзге тіршілік иелерімен ерекшеленеді. Жануар белсенділігі жаратылыстық қажеттілікке байланысты болса, адам іс-әрекеті адамзаттың бұрын-соңғы жасалған мәдени- тарихи жетістіктеріне сүйеніп оны қажеттіліктерінде сүйене жалғастырады.


Адам іс-әрекеті күрделі қимыл қозғалыстық біліктілік пен дағдыға байланысты.

# Адам іс-әрекетінің басқа тіршілік иелері мен айырмашылығын белгілеп көрейік.

- 1. Адам іс-әрекеті жемісті шығармашылықты, жасампаздыққа ие. Ал жануарлар белсенділігі тұтынушылық негізде болады.
- 2. Адам іс-әрекеті заттық материалдық, рухани мәдениетпен бұларды өз дамуы үшін пайдаланады. Ал жануарлар өз биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін жасайды.
- 3. Адам іс-әрекеті адамның өзін өмір жағдайын қажеттілігі мен қабілеттілігін де қайта қайта құрайды немесе көркейте түседі.
- 4. Адам іс-әрекеті түрлі форма мен оның әр түрлі құралдар арқылы жүзеге асыруы тарихтық жемісі. Ал жануарлар белсенділігі биологиялық эволюциялық нәтижесі ретінде болады.
- 5. Адамға заттың іс-әрекеті туа берілмейді. Ол тәлім тәрбие қалыптасуы мен жүзеге асуы. Ал жануарларда бұл іс-әрекет генотипке негізделінетіндіктен туа беріледі.



# ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



# Мақсат

- Мақсат дегеніміз, болашақ әрекет нәтижесін саналы түрде елестету. Бұл тұғаның әрекет мәнін қабылдауы. Мысалы, саяхатқа аттану үшін билет сатып алу керек, киімдерді жинап, межелі жерге жету керек. Осылардың барлығы мотивтер аясына қатысты болғандықтан, алға қойылған және қабылданған мақсаттарға тұлғаның қол жеткізуі қажет. Әйтпегенде, олар субъект үшін мәнсіз болар еді.



- Адам әрекеттерінің барлығы бір мақсатқа, бір мүддеге саналы түрде бағытталып отырады. Адам алдына бір мақсат қойып, содан бір нәтиже шығаруға тырысады.
- Саналы әрекеттің айрықша, маңызды сипаттарының бірі – шығармашылық. Шығармашылықтың дамуында жеке адамның ерекшеліктері өте маңызды болады. Іс-әрекет тек белсенділік пен емес, мінезбен де ерекшеленеді.
- Мінез-құлық спонтандықты сыртқы әсерден емес ішкі себептерден пайда болған болады, ал іс-әрекет – ұйымдастырушылықты, мінез – аяқ астынан, іс-әрекет – жүйелік болады

### Адам іс-әрекетінің мотиві әр түрлі болады

Органикалық

Функционалдық

Рухани

Материалдық

Әлеуметтік

# ○ Шығармашылық іс-әрекет

Зейін

Есте сақтау

Интеллект

Ойлау

# Іс-әрекеттің түрлері

```
graph TD; A[Іс-әрекеттің түрлері] --- B[Оқу]; A --- C[Қарым-қатынас]; A --- D[Ойын]; A --- E[Еңбек];
```

Оқу

Қарым-қатынас

Ойын

Еңбек

# Іс-әрекеттің ойын түрі

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы, бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті.



# Оқу

- Оқу – іс-әрекеттің негізгі саласы еңбек процесін нәтижелі орындауға қажетті білімді, дағды мен икемді жүйелі түрде меңгеру.
- Мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті – оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Сонымен бірге жаңа буын оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық әрекетін, ғылым мен білім жүйелерін меңгереді. Сөйтіп, өзін практикалық әрекетке дайындайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді. Оларды жан-жақты білуге мүмкіндік алады. Білім меңгеру – ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс.

# ҚОРЫТЫНДЫ

- \* Адам үшін іс-әрекеттің қашан да қоғамдық әлеуметтік рөлі зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлығы мен жүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алдағы тұрған міндетті шеші, яғни ойлаған істен бір нәтиже шығару – оның екінші бір басты белгісі болып табылады. Адам психикасының дамуында іс-әрекеттің шешуші орнымен қатар, біз сананың да күрделене түсуіне ықпал жасайтынын естен шығармауымыз керек. Сойтіп, сана мен іс-әрекеттің бірлігі, психиканың іс-әрекет үстінде дамитындары жайлы мәселе психологияның басты принциптері болып табылады.

# Қолданылған әдебиеттер:

- Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. 2002.
- Алдамұратов Ә. Жалпы психология. 1996
- Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. 2003.
- Дубровина И. В. Психология. 2003
- Психологиялық сөздік. 1990
- Богословский В. В. Жалпы психология. 1980